Мұнайлы ауданы №4 жалпы білім беретін мектеп КММ-сі педагог-психологтарының 2024-2025 оқу жылындағы жұмыс қорытындысы (SWOT) талдау және 2025 оқу жылындағы міндеттері

Мықты тұстары

2024-2025 оқу жылында мектебімізде педагог-психолог қызметі бойынша 2 маман жұмыс атқарады. Жұмыс уақыты 09:00 – 17:00 ге дейін (циклограмма)

1. Танова Алия Исламовна педагог-сарапшы педагог-психолог
2. Балаханова Гулсинай Есетовна педагог педагог-психолог

2024-2025 жылы № 4 жалпы білім беретін мектепте оқу жылын 1670 оқушымен бастады. Негізі мектеп сыйымдылығы – 960 орындық. Даярлық тобы - 150 оқушы, бастауыш сынып – 631 оқушы, жоғары сынып – 1100 оқушы, үйден оқитын – 3 оқушы, инклюзивті – 10 оқушы.

1. Психологиялық диагностика.
2. Псхологиялық кеңес беру.
3. Психологиялық ағарту.
4. Психологиялық түзету.

Оқу жыл басында директордың тәрбиесі жөніндегі орынбасарлары мен, әлеуметтік педагогпен бірігіп жоспар жасақталды.

Жұмыс барысында басшылыққа алатын әдістемелік көмектер:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясы «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудегі дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері», «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилиум ережесі».

Әлсіз тұстары. Бала санының шамадан тыс көптігіне байланысты оқу процесі III-кезеңмен жүргізіледі.

Біз кәсіби қоғамдастықтың әлсіз жағын жатқыздық. Оқу орнында бала саны мектеп сыйымдылығына сай емес, сыйымдылығына қарағанда көптеу.Тағы бір жұмысымыздың әлсіз жағы ретінде психологтарда талапқа сай 3 кабинет болуы тиіс. Бізге берілгені үлкен 1 кабинет. Тренингтерді 2 немесе 3 сынып бірге келген уақытта көбінесе актзалда холда өткіземіз, кейде бос кабинеттерге өткізіп жүреміз. Сауалнама, тренинг, хат алмасу, есеп тапсыру, анализдеу жалпы жұмыс барысында уақыт та, қағаздың да көптеп кетуі де кедергі келтіреді. Оқушылармен жүргізілетін диагностика, түзету жұмыстары кезінде жағымды орта қалыптастыратындай, әңгімелесу –сұхбат жүргізетін, тренингтер өтетін арнайы психолог кабинеттердің болмауы, оқушы мен ата-аналар, мұғалілдер жеке-жеке сұхбат жасауға келген уақытта, бөлек кішілеу кабинеттің болмауы жұмыс жасауға кедергі келтіреді. Сонымен қатар оқушы саны көптігінен психолог мамандардың жетіспеуінен оқушылардың барлығын жеке-жеке қамтып зерттеуге мүмкіндік болмай отыр. Дегенмен жоспар бойынша қолдан келгенше үлгеріп, жұмыстар өз кезегінде жүйелі түрде жүргізілуде. Мектеп жасында жүріп ерте отбасын құру биыл мектебімізде тіркелмеді. Мектепте психологиялық жұмыстар жүргізілуі үшін ата-аналардан келісім хат алу барысында ата-ананың қарсылық білдіргені қынжылтады. Қарсылық білдірген оқушылармен байланысқа түсе алмауымыз қиындық туғызып отыр, себебі келісім хат болмағандықтан жұмыс жүргізу мүмкін емес. Оқушылардан сауалнама алу барысында дене көркем еңбек сабақтарынан сұрап аламыз бірақ, кей-кезде пән мұғалімдері қарсылық танытып жатады.

Мүмкіндіктер. Қазіргі жаңа технология дамыған кезінде жұмыс жасау мүмкіндіктері өте көп. Психологиялық зерттеу жұмыстарының арқасында көптеген келеңсіз жағдайлардың алдын алуға болады. Мектепте оқушылармен жеке зерттеулердің жүргізілуіне ата-аналардың дұрыс көз қараста болуы мен және бүкіл ұжымның бірлесе жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы мектеп алдындағы өте күрделі мәселе, ол оқушының жеке тұлғасын мектеп ортасында жан-жақты дамыту, білім берудің басты өзгерісі - мектептің іс-әрекетіне басқаша тұрғыда ықпал етуді талап етеді, мұның дәлелі қазіргі кезде мектептерде жүйелі түрде жүргізіліп жатқан психологиялық-педагогикалық жұмыстар. Әрбір оқушының жеке тұлғасын, инклюзивті оқушылардың кеш анықталуын жан-жақты жүйелі зерттей отырып, оның дамуына қолайлы жағдай туғызу мақсатында осы саланы мектепте аптасына 1 рет **«Жантану»** пәні ретінде енгізу мүмкіндіктерін қарастыруды сұраймыз. Осындай жүйелі түрде ұйымдастырылған педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттің мектепті басқару жүйесіне, жаңашылдық іс-әрекетіне, оқушының жан-жақты дамуына қабілетіне сай білім алуына, дамытуға мүмкіндік береді.

4.Қауіп-қатер. Жылдық жоспар бойынша жасөспірімдердің арасында өз-өзіне қол жұмсаудың алдын-алу мақсатында сауалнама жүргізілді. «Жасөспірімдердің физикалық және деструктивті мінез құлқының алдын алу» бойынша Қазан-қараша айларында сауалнама алынды. Сауалнамаға **8-9-10** сыныптар қатысты.

Сауалнамаға қатысқан жалпы оқушылар саны – **365**

Сауалнамаға қатыспаған оқушы саны: **0**

Жалпы мектепте психологиялық жұмыс жүргізу үшін келісім берген ата-ана саны - 1670

Келісім бермеген ата-аналар саны - **0**

Үйден оқитын оқушы саны -**3**

2024-2025 оқу жылындағы сауалнамаға қатысқан жалпы оқушылардың қорытындысы

8 сыныптар. Қауіп-қатерге анықталған оқушының жалпы саны – 6 оқушы Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша сауалнама қорытындысы 2024-2025 о.ж(8 сынып оқушылары)

№	Диагностикаға (сауалнама, тест)қатысқан оқушы саны	Диагностикаға қатыспаған оқушылар саны	Төтенше жағдайға енген оқушылар саны ЧС,суицидке бейім	Қауіп-қатер тобына енген оқушы саны	Депрессия	Үрей	Стресс	Сұхбат бойынша алынып тасталған бала саны	ВОП дәрігерге жолдама алған бала саны	ВОПдәрігерге барған бала саны
146		-	-	**6**	**4**	**1**	**1**	-	-	-

Тек 8-сыныптар бойынша анықталған қауіп-қатер оқушы саны- 6

7,9,10,11 сынып білім алушылар арасындағы мінез-құлқындағы өзгерістерді анықтау бойынша өткізілген диагностикалар қорытындысы бойынша 2024-2025 о.ж

№	Аудан қала атауы	Диагностка атауы			Диагностикаға(сауалнама,тест)қатысқан оқушылар саны		Диагносткаға қатыспаған оқушылар саны		Диагностика нәтижесі бойынша мектеп психологінің бақылауына алынған бала саны		Ескерту
		9сынып	**10сынып**								
	Мұнайлы	9сынып	10сынып		9сынып	10сынып	9сынып	10сынып	9сынып	10сынып	
		Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлқының алдын алу бағдарламасы бойынша 8-16 сұрақтар	Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлқының алдын алу бағдарламасы бойынша 8-16 сұрақтар		142	77	-	-	4	3	

9-10- сыныптар, қауіп-қатерге анықталған оқушы саны - 7

Тестке қатысқан оқушылар
9-сыныптар—142 оқушы қатысты
10-сыныптар—77 оқушы қатысты

«Тәуекел тобына анықталған оқушылар»
9-сыныптан –**4 оқушы анықталды**
10-сыныптан—**3 оқушы анықталды.**

Былтырғыға қарағанда 8-сынып оқушылары аралығында түсім байқалмайды, 2023-2024 оқу жылында 4 **қауіп-қатер** оқушы анықталса, биыл 2024-2025 оқу жылында 6 **оқушы** анықталды.

Жалпы «Тәуекел тобына оқушы анықталды», анықталған оқушылармен жеке кеңестер, жеке сұхбаттар өткізілді және үнемі ай сайын өткізіліп тұрады. Анықталған оқушылармен жұмыс жасау, бақылау мақсатында, әр оқушыға арнайы психологиялық дәптерлер ашылды. Жеке және сыныптар біргелікте топтық тренингтер өткізілді. «Тәуекел тобындағы оқушылар үнемі психолог мамандарының бақылауында болады». Осы анықталған тәуекел тобындағы оқушылар мен, апта сайын жеке сұхбаттар, кеңестер, топтық психологиялық тренингтер өткізіліп тұрды. Мұндағы мақсат оқушылардың ойын өзгерту, өмірге деген құштарлығын арттыру өз-өздеріне сенімділік ұялату. Әр бала өз құқығын қорғауға, ойын бүкпесіз жеткізуге, жеке тұлға болып қалыптасуға міндетті екенін түсіндіру. Қазіргі таңда кез-келген оқушымен, кез-келген жағдайда психологиялық тұрғыдан жұмыс жасау қиындап бара жатыр себебі қазіргі ата-аналардың түсінігі мүлдем басқаша. Мектептегі әр оқушының психологиясы мектеп психологтарына байланысты болса тәлім тәрбиесі ата-аналарға байланысты. Барлық ата-ана яғни көптеген ата-аналар балаларымен мектеп психологының жұмыс жасауына келісім бермейді. Осы орайда психологтардың жүйелі жұмыс жасауына біршама кедергілер келтіреді. Бұл жерде тәуекел тобындағы оқушылар мен қатар ата-аналары да, қауіп төндіреді. Қиын жағдай кезде тез арада жұмыс жасау керек болса, көбінесе ата-ана мен байланысқа түсе алмаймыз. Себебі оқу жылының басында баласына келісім бермеген ата-аналар болып шығады. Ал келісімінсіз жұмыс жасасаң мектеп әкімшілігіне немесе білім бөліміне шағым айтады.

Мұнайлы ауданы, Дәулет селосы №4 жалпы білім беретін мектеп КММ-сі психологиялық қызметінің
2024-2025 оқу жылына арналған жылдық есебі.


(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығын басшылыққа ала отырып жасалды)

Мақсаттар: Оқушының білім алу кезіндегі оқу дағдысын, қабілеттілігін анықтап, оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, психологиялық қолдау көрсету

Міндеттер:

1. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
2. Психикалық дамуындағы ауытқушылықты, кешеуілдеуді болдырмау;
3. Ұжымдық психологиялық ахуалды қалыптастыру;
4. Ата-аналарды психологиялық тұрғыда сауаттандыру;

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
I. Диагностикалау						
-1. Сынып оқушыларына Керн Иерасек әдістемесі	Оқушылардың мектептік көзқарастарын бақылау, олардың білімге ынталарын, коршаған ортаға бейімделулерін анықтау.	Сауалнама	1-Сынып оқушылары	23.09.2024ж	№4 жалпы білім беретін мектепте 1-сынып оқушылары аралығында зейін деңгейін анықтау мақсатында тренингтер жүргізілді. 1- сыныпта жалпы 149 оқушы бар. Тренинг әр сыныпқа бөлек – бөлек жасалды, оқушы қатысты. Қалған оқушылар белгілі себептерге байланысты қатыса алмады. Қатысқан оқушылардың нәтижесі төмендегідей нәтижені көрсетті. Бірінші әдістеме бойынша оқушылардың барлығы асық ойындарын жақсы біледі, үй жануарлары туралы да тез тауып айтты. Төрт түлік малды да және Ішекті музыкалық аспаптарын уақытында тауып айтты. Кей сыныптарда 1оқушы, кей сыныптарда 2,3 оқушылар біраз ойланып жауап берді. Ал екінші әдістеме бойынша да нәтиже жақсы көрсеткіш көрсетті. **Қорыта келе:** Қатысқан оқушы саны- 110 Түгел есінде сақтап, дұрыс есептеген оқушы саны- 70 2-3 қате жіберген оқушы саны- 25 Жартысын есінде сақтаған, дұрыс есептемеген оқушы саны- 5 Есінде сақтай алмаған оқушы саны- 5	Анықталған оқушылар, сынып жетекшілер жиналысында және педкеңесте қаралды, таныстырылды. Оқушыларға Сенімділікті арттыру,бір-біріне қолдау көрсетуге баулу,сынып арасында жақсы қарым-қатынас орнату мақсатында психологиялық қолдаулар көрсетілді.

-2. 5-сынып оқушыларының оқу мотивациясын және орта буынға бейімделуін анықтау	(Н. Лусканова)(5-сынып) сауалнамасы	Сауалнама	5- сынып оқушылар	27.09.2024ж	 5-Сынып оқушыларына Н.Г.Лусканова сауалнамасы жүргізілді. Жалпы саны 186 оқушы бар. Зерттеу барлық 5-сыныптарға жүргізілді яғни оқушы қатысты.Қалған оқушылар белгілі себептерге байланысты қатыса алмады. Соның ішінде бесінші сыныпқа бейім оқушы яғни дайын - 45 орташа деңгейде - 126 оқушы адаптацияда жүрген 15 - оқушы анықталды.  **Қорыта келе:** Осы жоғарыда аталған оқушылар туралы мектеп психологі есепке алып қойды. Сынып жетекшілерімен біргелікте жұмыс жасалады. Сынып жетекшілерге ескертілді. Анықталған оқушылармен жұмыстар жасалып жатыр.	Анықталған оқушылар, сынып жетекшілер жиналысында және педкеңесте қаралды, таныстырылды. Оқушылардың ортаға бейімделуін қалыптастыру мақсатында “Өзіңді мақта”,“Мен кіммін?Мен қандаймын? Психологиялық тренингтер жасалды.
3.Геометриялық фигуралардан жасалған	білім алушылардың психологиялық	Диагностика	10- сынып	20.09.2024ж	Бұл зерттеу жұмысына №4 жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбынан 77 оқушы қатысты. Зерттеу «Геометриялық	

адамның конструктивті суреті	дамуын, оның кеңістіктәк ойлауын, шығармашылық қабілетін, ұсақ моторикасын және тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу.				фигуралардан адам бейнесін құрастыру» әдістемесі арқылы жүргізілді. Оқушыларға түрлі геометриялық пішіндер (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тік төртбұрыш т.б.) беріліп, соларды пайдаланып адам бейнесін жасау тапсырылды. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындылар алынды: • Көптеген оқушылар тапсырманы қызығушылықпен орындады. • Оқушылардың көбі кеңістікті дұрыс бағдарлай алады, фигураларды үйлесімді орналастыруға тырысты. • Шығармашылық қабілеті жоғары оқушылар фигураларды ерекше тәсілмен орналастырып, адам бейнесін әдемі әрі ойлы етіп құрастырды. • Кейбір оқушылар қарапайым ғана бейнелер салса да, нақты және ұқыпты жұмыс істеген. • Бірнеше оқушыда эмоциялық көңіл күйдің төмендігі байқалды — олар салған бейнелерде бет әлпетсіз немесе көңілсіз сипаттар болды. Бұл олардың ішкі жан дүниесіндегі алаңдаушылықты көрсетуі мүмкін. • Жалпы алғанда, тапсырма арқылы оқушылардың қиялы, кеңістіктік ойлауы, ұсақ моторикасы және өзін-өзі таныту ерекшеліктері байқалды.	Оқушылар тапсырманы қызығушылықпен орындады. Көпшілігі кеңістікті бағдарлауда жақсы нәтиже көрсетті. 65% оқушыда шығармашылық пен қиял деңгейі жоғары екені байқалды. 20% оқушы стандартты шешімдермен шектелді, яғни қиял шектеулі болды. 15% оқушыда эмоциялық бейтараптық немесе күйзеліс белгілері байқалды (бейне салуда бет-әлпеттің болмауы, қарапайымдылық, көңілсіздік Жалпы алғанда, оқушылардың ұсақ моторикасы, кеңістіктік ойлауы, және өзін-өзі көрсету дағдылары жақсы деңгейде.
4«Мектеп, оқушы, ата-ана: ынтымақтастық қырлары (Отбасы күніне орай)	«Мектеп,оқушы, ата-ана»	Сауалнама	Ата-аналар	25.09.2024ж	Мектеп формасын сақтау, мектепшілік ішкі ережелерді сақтау, құқық бұзушылықтың және келеңсіздіктің алдын алу, зиянды әрекеттерден аулақ болу мақсатында кең көлемде түсінік жұмыстары жүргізілді. Психолог тарапынан ата-аналарға психологиялық кеңестер берілді.	117 жуық ата-ана қатысты. Ата -аналардың сұрақтарына тиісті мамандар жауаптарын берді.
5. «Люшер» тесті	адамның ішкі жағдайын, көңіл-күйін және басқаруын бейсаналы түрде анықтау; Жасөспірім кезіндегі оқушылардың оқуға деген мотивациясы мен оқуға деген	Сауалнама	9-сынып	03.10.2024ж	Тест нәтижесін өңдеу және талдау: Барлық оқушы саны – 142 Қатысқаны – 141 Ата-ана қарсылық – 0 ЕББҚ – 1 Тест қорытындысы:Таңдалған түстердің ретін және олардың комбинацияларын талдау арқылы оқушыға қатысты келесі аспектілерді анықтай алады: Қазіргі эмоционалдық жағдайы; Негізгі қажеттіліктері мен мотивациялары;	Сынып жетекшілермен бірігелікте көңіл-күйі төмен оқушылармен түсінік жұмыстары жүргізілді. Оқушылармен жеке-жеке

	эмоционалды қатынасын зерттеу.				Мүмкін стресс көздері немесе эмоционалдық қақтығыстар. Эмоциналдық жағдайы қалыпты деңгейде: 109 / 49,7 % Эмоционалды жағдайы орта деңгейде : 20 / 32 % Эмоционалды жағдайы төмен деңгейде: 7 / 18,1 % Қажеттіліктер мен мотивациялар деңгейі: 64,1 % Стресс пен эмоционалды қақтығыстар : 36 % Оның ішінде к/қ деңгей: 2 оқушы Қорытынды:9-сынып оқушыларының эмоционалды жай күйі қалыпты(жақсы)деп бағаланады. Төтенше жағдай анықталмады, қауіп - қатер тобына 3 оқушы анықталды, ол барлық қатысқан оқушылардың 2,1 % құрады.	психологиялық сұхбаттар өткізілді, кеңестер берілді. Егер, психологтың қолдауына мұхтаж болған жағдайда, кез-келген уақытта мектеп психологтарына келуіне болатыны ескертілді. Анықталған төменгі деңгейдегі оқушылармен түсінік жұмыстары, психологиялық топтық тренингтер жүргізілді. Сынып жетекшілеріне тиісті тапсырмалары берілді.
6.ШТУР әдісі	Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.Бір-бірінің пікірін тыңдауға және өз пікірін еркін айтуға үйрету	Диагностика	2-сыныптар	10.10.2024ж	Барлығы: 124 Қатысқаны – 120 оқушы Қатыспағаны – 4 Ата-ана қарсы болған – 4 **Тест нәтижесі:** **Жалпы ой-өрісі: 57%** **1-2 субтест бойынша «Жалпылау» - 50%** **3-4 субтест бойынша «Жіктеу» - 48%** **5- субтест «Логика» - 29%**	**Қорытынды:** 2-сынып оқушыларының білім алуға деген қызығушылық деңгейі **«қанағаттанарлық»** деп бағаланды. Алынған нәтижелер сынып жетекшілеріне толықтай таныстырылды. Диагностика алу барысындағы оқушылардың деңгейлері сараланып, түсіндірілді. Сынып жетекшілермен бірігелікте көңіл-күйі
7.«Оқуға деген эмоционалды қатынасы мен мотивациясын анықтау» (А.Н.Андреева - Спилбергер)	Өзін сезінуі, белсенділігі, көңіл-күйін оперативті бағалау	Сауалнама	7-сыныптар	17.10.2024ж	Сауалнамаға 7-сынып оқушылары қатысты. жалпы саны **162** **Қатысқан оқушы саны: 81** **Қарсы ата-ана -0** **Жоғары деңгей – 48** **Орташа деңгей – 25** **Төмен деңгей- 8**	

						төмен оқушылармен түсінік жұмыстары жүргізілді. Оқушылармен жеке-жеке психологиялық сұхбаттар өткізілді, кеңестер берілді. Егер, психологтың қолдауына мұхтаж болған жағдайда, кез-келген уақытта мектеп психологтарына келуіне болатыны ескертілді.
8. Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз	Оқушылардың зорлық-зомбылыққа деген көзқарасын анықтау, оның түрлері мен алдын алу жолдары туралы түсінік қалыптастыру, өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту.	Түзете-дамыту Топтық жұмыс, дөңгелек үстел	5-9 сынып оқушылары	21.10.2024ж	Қатысушылар: 5-9 сынып оқушылары, жалпы саны – 78 оқушы Жүрісі: – Шара барысында оқушылармен тақырыпқа байланысты пікірталас ұйымдастырылып, зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептері, салдары талқыланды. – «Зорлық пен сенім» жаттығуы арқылы оқушылар нақты өмірлік жағдайларды талдап, қандай әрекет жасау керек екенін анықтады. – «Құқықтар бұзылған кезде» ойыны оқушыларға өз құқықтарын тануға және қорғану жолдарын білуге мүмкіндік берді. – Әр қатысушы өз ойын ашық айтып, дөңгелек үстел түріндегі пікір алмасуға белсенді қатысты.	Оқушылардың зорлық-зомбылық туралы түсінігі кеңейді, өздерін қауіпсіз ұстау, қажет жағдайда көмек сұрау маңыздылығы туралы ой қалыптасты. Эмоционалды қолдау мен сенімді орта құрылды.
9. "5-сынып дегеніміз не?"	Балаларды сабақтың мақсаттарымен жұмыс түрімен таныстыру,сабақта өзін –өзі ұстау ережелерін қабылдау, ішкі ресурсты іске асыру	сауалнама	5-сынып	28.10.2024ж	"5-сынып дегеніміз не?" атты тақырыбындағы түзете-дамыту жұмысының жүргізілуі Жүрісі: 1. «Сиқырлы қорап» жаттығуы Мақсаты: оқушылардың бір-біріне жылы сөз айтуын дамыту. Жүргізілуі: Қорап ішіне әр оқушы бір сыныптасына жақсы тілек жазады. Қорап ішінен кездейсоқ тілек оқылады – оқушы кім екенін табуға тырысады.	

	, құрдастарымен бірге пікірталастарға қатысу және сұрақтарға жауап беру;				2. «Сынып ережесі» жаттығуы Мақсаты: оқушылармен сыныптың ортақ ережелерін құру. Жүргізілуі: Әр оқушы «Менің сыныпта болуын қалаймын...» деп өз ұсынысын айтады. Топпен бірге ортақ ережелер тақтаға жазылады. 3. «Өмір жолы» жаттығуы Мақсаты: мақсат қою мен болашақты елестету. Жүргізілуі: А4 параққа жол сызылады. Бастау – бүгінгі күн, соңы – 11-сынып. Жол бойына оқушы өз армандарын, жетістіктерін бейнелейді. 4. «Сиқырлы орындық» жаттығуы Мақсаты: бір-бірін қолдауды үйрену. Жүргізілуі: Бір оқушы алдыңғы орындыққа отырады, қалғандары оған жақсы сөздер мен қолдаулар айтады. 5. «Менің суперқабілетім» жаттығуы Мақсаты: өзін-өзі бағалауды арттыру. Жүргізілуі: Оқушылар өз бойындағы ерекше қасиеттерін жазады не сурет салады. Кейін топта талқылайды.	Оқушыларға үнемі психологпен байланыста болу
10. Тұлғалық ерекшеліктер	ЕББҚ (ерекше білім беру қажеттілігі бар) оқушылардың өзін-өзі тануына, өз қабілеттерін түсініп, өзіне деген сенімділігін арттыруға ықпал ету. Сонымен қатар, олардың эмоциялық тұрақтылығын дамыту, әлеуметтік қарым-қатынасты жақсарту және тұлғалық ерекшеліктерін дұрыс қабылдауға бағытталған	Түзете дамыту	ЕББҚ оқушылар	27.10.2024ж	Қатысушылар: 6 оқушы Аталған тақырып аясында топтық түзете-дамыту жаттығулары өткізілді. Қатысушылар: 6 оқушы Өткізілген жаттығулар: 1. «Мен кіммін?» жаттығуы – Оқушылар өз есімдерімен қатар өздерінің бойындағы жақсы қасиеттерін айтып өтті. Бұл өзін-өзі тануға көмектесті. 2. «Ағашты толтыр» әдісі – Оқушылар «менің мықты тұстарым», «мен жақсы істей аламын» деген бөлімдерді жапырақтарға жазып, суретке жапсырды. Жаттығу өзін бағалауды дамытуға бағытталды. 3. «Біз ұқсаспыз» ойыны – Бір-бірімен ортақ ұқсастықтарын табу арқылы оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнады. 4. «Менің көңіл-күйім қандай?» – Эмоцияларды ажырату мен сипаттауға бағытталған жаттығу арқылы балалар өз ішкі күйін білдірді.	Оқушылар жаттығуларға белсенді қатысып, өз ерекшеліктерін тануға, бір-бірін түсінуге және құрметтеуге үйренді. Топтық жұмыс олардың өзіне деген сенімділігін

	дағдыларды қалыптастыру.					арттырып, әлеуметтік дағдыларын дамытты.
11. Отбасындағы ата-ана мен бала ролі	Ата-аналарға отбасы ішіндегі бала мен ата-ананың рөлін түсіндіру, тәрбиеде тиімді қарым-қатынас орнату жолдарын ұсыну, бала дамуына оң әсер ету дағдыларын қалыптастыру.	Профилактика	1-4 сынып ата-аналары	29.10.2024ж	Қатысушылар: 1–4 сынып ата-аналары (жалпы саны – 32 ата-ана) Өткізу барысы: 1. Баяндама: – Отбасындағы қарым-қатынас түрлері – Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі – Бала психологиясына әсер ететін факторлар 2. Тренингтік бөлім: – «Отбасылық рөлдер» жаттығуы арқылы ата-аналар бала мен ата-ана арасындағы міндеттерді бөлісуге қатысты ойларын бөлісті. – «Балаға хат» жаттығуы ата-аналардың баласына деген сезімін, үмітін түсінуге бағытталды. – «Тыңдай білу – түсіне білу» ойыны арқылы тиімді тыңдау дағдылары игерілді.	Ата-аналар өздерінің бала тәрбиесіндегі рөлі мен жауапкершілігін тереңірек түсініп, тәрбиеде жұмсақ қарым-қатынастың маңызын ұғынды. Қатысушылар белсенділік танытып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Шара жоғары деңгейде өтті.
12. «Стресске төзімділік» деңгейін анықтау Э.Ховард	Оқушылардың стресстік жағдайларға реакциясын, психологиялық тұрақтылық деңгейін бағалау	Диагностика	11-сынып	5.11.2024ж	Қатысушылар саны: 47 оқушы Нәтиже: - Жоғары деңгейдегі стресске төзімділік – 12 оқушы (25,5%) Бұл оқушылар күрделі жағдайларда өзін ұстай алады, эмоцияларын реттеу қабілеті жоғары. - Орташа деңгей – 26 оқушы (55,3%) Бұл топтағы оқушылар стресстік жағдайларда кейбір қиындықтарға тап болады, бірақ оларды жеңуге бейім. - Төмен деңгей – 9 оқушы (19,2%) Бұл оқушылар стреске бейім, ішкі мазасыздық жоғары, күйзеліс кезінде қолдауды қажет етеді.	Оқушылардың басым бөлігі (80,8%) стресске орташа және жоғары

13. «Қауіп-қатер» тобына енген оқушылармен сұхбат	Эмоционалдық, мінез-құлықтық және бейімделу деңгейіндегі қиындықтар байқалған, қауіп-қатер тобына енген оқушыларды анықтап, оларға психологиялық көмек көрсету.	Түзете-дамыту	Жеке оқушылар, ата-аналар	8.11.2024ж	Қатысушылар: Қауіп-қатер тобына енген – 13 оқушы (8-9-10 сынып аралығы), Олардың ата-аналары – 13, Жұмыс форматы – жеке сұхбат, проекциялық әдістер, психологиялық қолдау, ата-аналармен кездесу. Жүргізілген жұмыс: - Әр оқушымен жеке сұхбат жүргізіліп, мінез-құлық, бейімделу, эмоционалдық тұрақтылық, өзін-өзі бағалау деңгейі анықталды. - «Мен және менің отбасым», «Менің уайымым», «Аяқталмаған сөйлемдер» атты проекциялық әдістер қолданылды. - Ата-аналармен жеке әңгімелесу өткізіліп, баланың ерекшеліктері мен мектептегі мінез-құлқы туралы кері байланыс берілді. - Қажеттілігіне қарай түзете-дамыту бағытында жеке жұмыстар жоспары	деңгейде төзімді. Төмен төзімділік танытқан оқушылармен жеке жұмыс қажет. Жүргізілген диагностика негізінде, оқушыларға арналған релаксациялық жаттығулар мен психологиялық тренингтер жоспары жасалды. - 2 оқушыда тұрақты эмоционалдық күйзеліс пен жалғыздық сезімі байқалды. - 3 оқушыда тәртіп пен мектепке бейімделу деңгейі төмен екені анықталды. - 1 оқушыға отбасылық жағдайы бойынша қосымша қолдау қажет деп танылды.
14.Лудомания- деген не?	Оқушыларға лудомания ұғымын түсіндіру, оның зияны туралы ақпарат беру, тәуелділіктің алдын алу.	Түзете-дамыту Дөңгелек үстел	5-7 сыныптар	12.11.2024ж	Қатысушылар: 5–7 сыныптардан барлығы 36 оқушы қатысты. Өткізу форматы: - Кіріспе бөлімде оқушылармен ойынға тәуелділік жайлы бейнеролик көрсетіліп, қысқаша түсініктеме берілді. - «Сен не ойлайсың?» атты ашық пікір алмасу жүргізіліп, оқушылар өз ойларымен бөлісті. - «Ойын мен өмір» атты жағдаяттарды талдау жаттығуы өтті. - Қорытынды бөлімде оқушыларға жауапкершілік, уақытты тиімді пайдалану және өз-өзін басқару туралы кеңестер берілді.	Оқушыларға қажетті психологиялық көмек көрсетіліп, бақылау жалғасуда. Ата-аналармен бірлескен жұмыс нәтижесінде түсіністік артты. Ата-аналармен жүргізілген жеке кездесулерге барлығы 18 ата-ана қатысты.
15. «Менің қалауым-менің болашағым»	Оқушылардың өзін-өзі тануына, кәсіби бағдарын анықтауға, болашаққа сеніммен қарауына ықпал ету.	Тренинг	9-11сыныптар	15.11.2024ж	Қатысушылар саны: 52 оқушы Тренинг барысы: – «Мақсат картасы» жаттығуы – «Менің болашағым қандай?» сұхбат-талдау – «Құндылықтар иерархиясы» жаттығуы	Оқушылар лудманияның психологиялық және әлеуметтік зиянын түсініп, ойынға тәуелді болмаудың маңызын

					– Сергіту сәті – «Қиялдағы мамандық» ойыны – «Өмірлік мақсатым» рефлексия	ұғынды. Белсенділік жоғары болды, оқушылар ашық сұхбат жүргізіп, жаттығуларға қызығушылықпен қатысты.
16.Жас маман-жас педагог	Жас педагогтердің кәсіби өзіндік дамуына, ұжыммен тиімді қарым-қатынас орнатуына, педагогикалық сенімділікті қалыптастыруға ықпал ету.	Тренинг, топтық жұмыс	Педагогтар	19.11.2024ж	Қатысушылар саны: 18 жас маман Тренингтің мазмұны: – «Танысу және команда құру» жаттығуы – «Мен – мұғалім» рефлексиялық талдау – «Кәсіби жағдаяттар» топтық талдау – «Менің педагогикалық құндылықтарым» тақырыбындағы пікірталас – Сергіту: «Позитив тізбегі» ойыны – Қорытынды және кері байланыс	Оқушылар өз қызығушылықтары мен қабілеттерін талдап, өмірлік мақсаттарын айқындауға ұмтылды. Көпшілігі нақты кәсіби бағытын көрсете алды. Тренинг оқушылардың ішкі мотивациясын арттырып, болашаққа деген сенімдерін нығайтты.
17. Буллинг және кибербуллингтің алдын-алу жолдары	Ата-аналарды балалар арасындағы буллинг пен кибербуллингтің белгілерімен таныстыру, оның алдын алу жолдарын түсіндіру, отбасы мен мектеп арасындағы байланыс маңызын арттыру.	Баяндама, жадынамалар	Ата-аналар	27.11.2024ж	Форматы: Баяндама, жадынама тарату, сұрақ-жауап, пікір алмасу. Қатысқандар саны: 43 ата-ана – Буллинг пен кибербуллинг ұғымы, түрлері, салдары – Қауіп-қатер белгілері мен мінез-құлық сигналдары – Ата-ананың рөлі және балаға көмек көрсету жолдары – Жадынама: «Балаңызды буллингтен қалай қорғайсыз?» таратылды	Қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, кәсіби дағдыларын жетілдіруге бағытталған ойлармен бөлісті. Тренинг жас мамандардың ішкі сенімін арттырып, ұжымға бейімделу үдерісіне қолдау көрсетті.

18. «Көңіл-күйіңді көтеріп, қуана біл»	Оқушылардың эмоционалды көңіл-күйін жақсарту, жағымды ойлау мен қуану дағдысын дамыту.	Тренинг, топтық жұмыстар	7-8 сыныптар	4.12.2024ж	Қатыскандар саны: 36 оқушы (7-сыныптан – 18, 8-сыныптан – 18) Тренинг барысы: 1. Танысу. «Көңіл-күй шарлары» ойыны арқылы оқушылар өз атын айтып, қазіргі көңіл-күйін сипаттады. 2. Сергіту сәті. «Жымию шеңбері» – бір-біріне жымиып қарап, күлкі тарату арқылы эмоционалды ахуалды жақсартты. 3. «Эмоция күнделігі» жаттығуы. Әр оқушы бір күн ішінде бастан кешкен 3 жағымды сәтті жазып, бөлісті. Бұл жаттығу өмірдегі жақсыны көруге үйретуге бағытталды. 4. «Көңіл-күй бояуы» жаттығуы. Оқушылар түрлі түстер арқылы өз көңіл-күйлерін бейнелеп, түстің символикасын талқылады. 5. «Менің қуаныш себетім» жаттығуы. Әр оқушы өзіне қуаныш сыйлайтын 5 нәрсені жазып, топпен бөлісті. 6. Рефлексия. «Көңіл-күй гүлі» әдісімен оқушылар тренингтен алған әсерлерін айтып, эмоционалды күйін білдірді.	Ата-аналар өз балаларын қолдау мен қорғауда белсенді рөл аткаруы қажеттігін түсінді. Сұрақтар қойылып, тиімді әдістермен танысты. Жадынама арқылы нақты әрекеттер жоспары ұсынылды.
19.Ағарту іс-шаралары	Сынып жетекшілердің ағарту бағытындағы жұмысын жүйелеу, оқушылармен және ата-аналармен тиімді әрекеттесу дағдыларын дамыту.	Тренинг, топтық жаттығулар	Сынып-жетекшілер	13.12.2024ж	Қатыскандар саны: 24 сынып жетекші Тренингтің барысы: 1. Кіріспе: Тренингтің мақсаттары мен жоспары таныстырылады. 2. «Сынып жетекшісінің рөлі» тренингі: Қатысушылар сынып жетекшісінің ағарту іс-шараларындағы міндеттері мен жауапкершілігі туралы ой бөліседі. 3. Топтық талдау : Ағарту іс-шараларының тиімді әдістері талқыланып, нақты мысалдар қарастырылады. 4. Рөлдік ойын: Қиын жағдайдағы сынып жетекшінің әрекеттерін ойнау арқылы дағдыларын жетілдіреді. 5. Практикалық тапсырмалар: Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, жаңа әдістемелік ұсыныстарды қарастырады. 6. Қорытынды : Тренингтен алған білімдерін қорытындылап, кері байланыс ұйымдастырылады.	Оқушылар өз эмоцияларын жақсы танып, оң көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік алды. Өзара қарым-қатынас нығайып, тренингтен жағымды эмоция алып шықты. Тренинг көңіл-күйді тұрақтандыруда тиімді өтті.
						Тренингке қатысушылардың ағарту іс-шараларын өткізуге

20. «Біздің ұжым»	Педагогтардың ұжымдық ынтымақтастығын арттыру, өзара түсіністік пен сенімділікті қалыптастыру арқылы оқу-тәрбие процесінің тиімділігін көтеру.	Тренинг	Педагогтар	13.01.2025ж	Қатысқандар саны: 18 педагог Тренингтің жүрісі: 1. Танысу кезеңі: Қатысушылар өзін және өз жұмыс тәжірибесін қысқаша таныстырды. 2. «Командадағы рөлдер» жаттығуы: Ұжымдағы әр педагогтың рөлі мен қызметін анықтау үшін топтық жұмыс жүргізілді. 3. Топтық пікірталас: Ұжымдағы ынтымақтастық мәселелері мен коммуникацияның маңыздылығы талқыланды. 4. Ынтымақтастықты дамыту әдістері: Сенімділікті арттыруға және өзара түсіністікті жақсартуға арналған түрлі әдістер таныстырылды. 5. Қорытынды рефлексия: Педагогтар алған әсерлері мен ұсыныстарын бөлісті.	деген ынтасы артты, сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігі нығайды. Оқушылар мен ата-аналармен жұмыс істеу дағдылары жақсарды, алдағы уақытта мектептегі ағарту жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған нақты жоспарлар құрылды.
21. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық»	Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.	Дөңгелек үстел	Ата-аналар	20.01.2025ж	«Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық» тақырыбында ата-аналарға арналған дөңгелек үстел 2025 жылы өткізілді. Шараға 15 ата-ана қатысты. Талқылау барысында қатысушылар жасөспірімдердің құқықбұзушылықтарының себептері мен салдарын талдап, өз пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар, балаларды дұрыс бағыттау, отбасы мен мектептің жауапкершілігін арттыру жолдары қарастырылды. Ата-аналар тәжірибелерімен бөлісіп, құқықбұзушылықтың алдын алу үшін тиімді әдістер мен ұсыныстарын ұсынды. Бұл іс-шара ата-аналар арасында құқықтық мәдениетті көтеруге, балалардың жауапкершілігін арттыруға және олардың теріс әрекеттерінен сақтануға бағытталды.	Тренинг педагогтар арасында ұжымдық рухты нығайтып, өзара түсіністік пен қолдауды арттыруға септігін тигізді. Қатысушылар жұмыс атмосферасын жақсарту бойынша өз идеяларын білдірді.
22.Нейрожаттығулар	ЕББҚ (ерекше білім беруді қажет ететін) оқушылардың танымдық қабілеттерін, ойлау, есте сақтау, зейін және қозғалыс үйлесімділігін дамыту.	Топтық жаттығулар	ЕББҚ оқушылар	27.01.2025ж	Жүргізілу барысы: Жаттығуларда қозғалысты үйлестіру, оң және сол қолмен бір мезгілде әрекет жасау, қарапайым моторикаға арналған ойындар мен тапсырмалар орындалды. Нейрожаттығулар зейін мен есте сақтау деңгейін арттыруға, эмоциялық тұрақтылықты дамытуға бағытталды.	Шара нәтижесінде қатысушылардың ақпараттық деңгейі артты және олар балаларымен өзара қарым-қатынасты

						жақсарту үшін қажетті кеңестер алды.
23. «Өмірге «ИӘ»деп айт!»	Оқушылардың, педагогтар мен ата-аналардың өмірге деген оң көзқарасын қалыптастыру, психологиялық қолдау көрсету, қарым-қатынасты нығайту.	Психологиялық апталық	Ата-аналар, педагогтар, оқушылар	3.02.2025ж 10.02.2025ж	Өткізілген іс-шаралар: 1. Психологиялық ақпараттық бұрыш ашылды – апталық тақырыбы бойынша ақпараттар, кеңестер, мотивациялық дәйексөздер орналастырылды. 2. «Жылы сөз – жанға демеу» акциясы – оқушылар бір-біріне жағымды сөздер жазып, бөлісті. 3. «Менің көңіл-күйім» смайлик аймағы – бастауыш сынып оқушылары өз эмоцияларын смайликпен көрсетті. 4. Ата-аналарға арналған «Балаға сенім – болашакка жол» тақырыбында әңгіме-сұхбат 5. Педагогтармен «Позитивті қарым-қатынас – табысты тәрбие» тренингі 6. «Өмір тамаша!» атты оқушылар арасында сурет байқауы 7. Қорытынды рефлексиялық бұрыштама – қатысушылар тілек, пікір жазды. Қатысушылар: - Оқушылар – 328 - Педагогтар – 42 - Ата-аналар – 87	Оқушылар жаттығуларға белсенді қатысты. Көпшілігінде зейіннің тұрақтануы мен есте сақтау қабілетінің жақсаруы байқалды. Сабақ соңында балалардан оң кері байланыс алынды, жаттығулар оларға қызықты және пайдалы болғанын жеткізді.
24. Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді	Қыз балалардың бойына ұлттық тәрбие, инабаттылық пен әдептілік ұғымдарын сіңіру, рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау.	Баяндама, пікір талас	9-11 сыныптар	20.02.2025ж	Өткізілу барысы: Шара барысында алдымен тақырып бойынша баяндама ұсынылды. Онда қазақ қыздарының инабаттылығы, салт-дәстүрдегі қыз тәрбиесінің маңызы, қазіргі қоғамдағы қыздардың рөлі туралы кеңінен айтылды. Баяндама мазмұнына сәйкес оқушылар арасында ашық пікірталас ұйымдастырылды. Қыздар өз ойларын ортаға салып, инабатты қыз қандай болу керек, әдептілік пен сыртқы сұлулықтың үйлесімі туралы ой бөлісті. Қоғамдағы жағымды және кері мысалдар келтірілді.	Барлық санаттағы қатысушылар апталыққа белсенді қатысты. Мектептегі психологиялық ахуал жақсарды, жылы қарым-қатынас атмосферасы қалыптасты.

25.Бастауыш сыныптардың психологиялық ерекшеліктері	Ата-аналарға бастауыш сынып жасындағы балалардың психологиялық даму ерекшеліктері туралы мәлімет беру, бала тәрбиесінде психологиялық қолдау көрсету жолдарын ұсыну.	Баяндама	Ата-аналар	3.03.2025ж	Қатысушылар: 1-4 сынып ата-аналары, барлығы – 26 ата-ана Өткізілу барысы: Педагог-психолог ата-аналарға бастауыш сынып оқушыларының ойлау, сөйлеу, зейін, эмоциялық және мінез-құлықтық ерекшеліктері жайлы баяндама оқыды. Баланың оқу үдерісіне бейімделуі, жаңа ортаға үйренуі мен ата-анамен қарым-қатынасы жайлы кеңестер ұсынылды. Ата-аналар баяндама барысында өз тәжірибелерімен бөлісіп, балаларының мінез-құлқы мен психологиялық өзгерістері туралы сұрақтар қойып, өз пікірлерін білдірді.	Оқушылар шараға белсенді қатысты, тақырып бойынша өз көзқарастарын ашық білдірді. Шара қыз баланың тұлғалық дамуына, ұлттық құндылықтарды түсінуіне оң әсер етті.
26. «Педагогтарға психологиялық қолдау»	Мұғалімдердің эмоционалдық күйін тұрақтандыру, күйзелісті жеңу жолдарын меңгерту, ішкі ресурстарын арттыру.	Тренинг	Педагогтар	10.03.2025ж	Тренингтің жүрісі: 1. Таныстыру бөлімі: Қатысушылармен жағымды психологиялық ахуал орнату мақсатында «Шеңбердегі тілек» ойыны жүргізілді. 2. «Күйзелісті себебін анықтау» жаттығуы: Педагогтер өз жұмысында жиі кездесетін психологиялық қысым себептерін жазып, оларды бірге талқылады. 3. «Ресурстық карта» жаттығуы: Қатысушылар ішкі күш-қуат алатын көздерін (отбасы, хобби, достар, жетістіктер) анықтады. 4. «Менің ішкі тірегім» жаттығуы: Қатысушылар қиын жағдайда өзіне қолдау көрсететін жағдаяттарды еске түсіріп, ішкі сенімділігін арттырды. 5. Релаксациялық жаттығу: Жеңіл тыныс алу және визуализация арқылы релаксация жасалды. 6. Қорытынды және кері байланыс: Қатысушылар тренингтен алған әсерлерін, пайдалы тұстарын бөлісті.	Шара ата-аналар тарапынан қызығушылықпен қабылданып, олар бала тәрбиесінде психологиялық қолдаудың маңызын түсінді. Қатысушылар кері байланыс беріп, мұндай кездесулердің жиі ұйымдастырылуын ұсынды.

27. Буллингтің зардабы	Оқушыларға буллингтің психологиялық және әлеуметтік зардабы туралы түсінік беру, достық қарым-қатынас орнатуға ықпал ету.	Топтық жаттығулар	5-8 сыныптар	12.03.2025ж	Қатысушылар: 5–8 сынып оқушылары (жалпы саны – 52 оқушы) Жүрісі: Оқушылар шағын топтарға бөлініп, «Буллинг деген не?», «Буллингтің салдары қандай?», «Зорлықсыз орта құру үшін не істеу керек?» тақырыптарында жұмыс жүргізді. «Сен менің орнымда болсаң...» атты рөлдік жаттығу арқылы құрдас мазағының эмоционалдық әсерін түсіну жұмысы орындалды.	Тренинг барысында педагогтер өзара колдау алып, стрессті басқару мен ішкі ресурс көздерін белсендірудің тиімді тәсілдерін меңгерді. Қатысушылар психологиялық сергектік пен жеңілдік сезімін сезінгенін айтып, тренингті өте қажет деп бағалады.
28. Аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуда психокоррекциялық сабақтар	Жасөспірімдердің суицидке бейімділігінің алдын алу, психоэмоционалды жағдайын тұрақтандыру, ата-аналар мен оқушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал ету.	Топтық жаттығулар, консультациялар	8-9 сыныптар. ата-аналар	17.03.2025ж	Қатысушылар: 8–9 сынып оқушылары (38 оқушы), ата-аналар (26 ата-ана Өткізілген жұмыстар: - Оқушылармен: топтық психокоррекциялық жаттығулар өткізілді. «Менің өмірімнің құндылықтары», «Мен кіммін?», «Қиындықтан шығу жолы» жаттығулары арқылы өмірге деген көзқарасты нығайту, өзін-өзі бағалауды көтеру бағытында жұмыс жүргізілді. - Ата-аналармен: «Бала – отбасындағы айна» тақырыбында топтық тренинг және жеке консультациялар ұйымдастырылды. Ата-аналармен сенімді байланыс орнату, баланың күйзеліс белгілерін тану және қолдау көрсету жолдары талқыланды.	Психокоррекциялық сабақтар жасөспірімдердің ішкі жағдайын жеңілдетіп, өз-өзіне сенімділігін арттырды. Ата-аналар бала психологиясы туралы маңызды ақпарат алып, жағымды кері байланыс берді. Сабақтар қатысушыларға пайдалы әрі мазмұнды өтті
29.Қызым үйде-қылығы түзде ерте тұрмыс құру, ерте жүктілік.	Жасөспірім қыздардың ерте жүктілік және ерте тұрмыс құрудың салдары туралы түсініктерін кеңейту, ата-аналармен өзара әрекеттестікті	Тренинг, баяндама	8-10 сыныптар, ата-аналар	3.04.2025ж	Қатысушылар: 8–10 сынып қыздары – 34 оқушы, ата-аналар – 22 адам. Өткізілген жұмыс түрлері: - Баяндама: «Ерте тұрмыс құрудың әлеуметтік, медициналық және психологиялық салдары» тақырыбында баяндама оқылды. - Тренинг: «Мен болашағым үшін жауаптымын» атты жаттығу арқылы оқушылармен өз болашағына саналы көзқарас қалыптастыруға бағытталған пікір алмасу өтті.	Қатысушылар тақырыпқа белсенді қатысты, ашық пікір білдірді. Қыз балалар өз болашағы үшін жауапкершілікті түсіне бастады, ата-аналар ерте алдын алу шараларының маңыздылығын ұғынды.

	нығайту, жауапкершілік сезімін қалыптастыру.				- Ата-аналармен жұмыс: Ашық диалог форматында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды.	Тренинг жағымды әсер қалдырды.
30. 11 сынып оқушыларының жетістікке жету жолын, дамыту мақсатында «Жетістікке жету жолдары»	11-сынып оқушыларының өмірлік мақсаттарын нақтылауына, өзін-өзі танып, жетістікке жету стратегияларын қалыптастыруына психологиялық қолдау көрсету.	Тренинг	11-сынып	14.04.2025ж	Қатысушылар: 11-сынып оқушылары – 54 оқушы. Өткізілген жұмыс: Тренинг барысында оқушылардың тұлғалық әлеуетін дамытуға, өз күшіне сенімділікті арттыруға бағытталған жаттығулар жүргізілді. - «Өмірлік баспалдақ» жаттығуы арқылы жетістікке жету кезеңдері талданды; - «Мақсат картасы» әдісімен өз мақсаттарын визуализациялау жұмысы жүргізілді; - «Кедергіні жең» ойыны арқылы шешім қабылдау және мотивацияны дамытуға жағдай жасалды.	Оқушылар тренингке белсенді қатысып, өз мақсаттары мен оған жету жолдарын нақтылай алды. Жеке жауапкершілік пен табандылықтың жетістікке жетудегі рөлі туралы ой түйді. Тренинг оқушылардың алдағы емтихан мен өмірлік таңдау алдындағы сенімділіктерін арттыруға ықпал етті.
31. «Өз жұлдызыңды тап» өзіне деген сенімділігін арттыру	9-сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын және сенімділігін арттыру, тұлғалық дамуына қолдау көрсету.	Тренинг	9-сынып	21.04.2025ж	Қатысушылар: 9-сынып оқушылары – 25 оқушы. Өткізілген жұмыс: Тренинг барысында оқушылардың ішкі ресурстарын тану, күшті жақтарын анықтау және өз-өзіне сенімді болу бағытында түрлі психологиялық жаттығулар өткізілді. - «Менің күшті жақтарым» жаттығуы арқылы оқушылар өзін-өзі бағалауға бағытталды; - «Сенім көпірі» жаттығуы арқылы бір-біріне қолдау көрсету мен сенім қалыптастыруға жағдай жасалды; - «Жұлдызды сәт» шығармашылық тапсырмасы арқылы әр оқушы өз арманын бейнелеп, топ алдында қорғады.	Оқушылар тренингке белсенді қатысып, өз бойындағы мүмкіндіктерді тануға мүмкіндік алды. Сенімділік деңгейінің артқаны байқалды. Өзара қолдау, түсіністік пен ашықтық атмосферасы қалыптасты. Тренинг оқушылардың жеке тұлғалық өсуіне оң ықпал етті

32.Кәсіби бейінді оқытудағы оқушыларға мамандық таңдау бойынша психологиялық қолдау.	7–11 сынып оқушыларына болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесу, кәсіби бағдар беріп, қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға бағытталған психологиялық қолдау көрсету.	Тренинг	7-11 сыныптар	15.01-15.05.2025ж	Қатысушылар: 7–11 сынып оқушылары, барлығы – 87 оқушы. Жасалған жұмыс: Психологиялық қолдау көрсету аясында келесі іс-шаралар жүргізілді: - Диагностикалық жұмыс: «Кәсіби қызығушылық» тесті, Голланд типологиясы бойынша қызығушылық бағыттары анықталды. - Топтық жаттығулар: - «Мамандық әлемі» атты визуалды жаттығу арқылы оқушылар түрлі мамандықтармен танысты. - «Өз жолыңды тап» жаттығуы арқылы оқушылар жеке қызығушылық пен қабілетке сай мамандықтарды сәйкестендірді. - Жеке кеңес беру: Мамандық таңдауда қиналатын оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді, сұхбат арқылы бағыт-бағдар берілді. - Пікір алмасу: «Менің болашағым – менің қолымда» тақырыбында шағын дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оқушылар өз ой-пікірлерімен бөлісті.	Оқушылардың мамандыққа деген қызығушылығы мен танымдық деңгейі артты. Көптеген оқушылар өз бағыттарын анықтап, алға нақты мақсат қоя білді. Ата-аналарға да кері байланыс берілді. Жұмыс жоспарға сай жүргізілді.

Мектеп психологтары: **А. Танова**

Г. Балаханова